

2023 жылғы 2 жартыжылдық және 2024 жылғы 1 тоқсан кезеңінде ҚР ДСМ «Ұлттық шұғыл медицинаны үйлестіру орталығы» ШЖҚ РМК-да сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу қорытындылары бойынша
талдамалық анықтама

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу негізі

«Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі жұмыс тобын құру туралы» ҚР ДСМ «ҰШМҰО» ШЖҚ РМК Басқарма Төрағасының 2024 жылғы 11 сәуірдегі №40 бұйрығы негізінде сәуір-мамыр айлары кезеңінде құрамында:

- **Жұмыс тобының басшысы** А.И. Сапаров – Басқарма төрағасының орынбасары;

- **жұмыс тобының мүшелері:**

- 1) М.А. Уйсинбаев – ішкі аудит қызметінің басшысы;
- 2) С.Т. Мусина – ішкі аудит қызметінің аудитор (клиникалық);
- 3) Г.Х. Нурутдинова – ұйымдастыру-әдістемелік қызмет бөлімінің басшысы;
- 4) А.Б. Шалданбаева – сапаны бақылау және сараптау басқармасының басшысы;
- 5) Н.Е. Ключева – бухгалтерлік есеп және есеп беру бөлімінің бас бухгалтері;
- 6) Д.С. Рахметов – құқықпен қамтамасыз ету бөлімінің бас маманы;
- 7) Н.Х. Суюндиков – өзіндік қауіпсіздік қызметі жөніндегі кеңесші (хатшы) бар жұмыс тобы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізді

- **Қызметке талдау жүргізу кезеңі:** 2023 жылдың 2-жартыжылдығы және 2024 жылдың 1-тоқсаны.

2. ҰШМҰО Жарғысы:

ҰШМҰО қызметінің негізгі мақсаты Қазақстан Республикасы тұрғындарына медициналық авиация нысанында шұғыл медициналық көмек көрсету және жедел медициналық жәрдем және шұғыл медициналық көмек көрсететін стационарлардың қабылдау бөлімшелерінің қызметін үйлестіру болып табылады.

Қойылған мақсаттарды іске асыру үшін ҰШМҰО қызметтің мынадай түрлерін жүзеге асырады:

- 1) Қазақстан Республикасының азаматтарына және қандастарға медициналық авиацияның мобильдік бригадаларымен жедел медициналық, дәрігерге дейінгі, мамандандырылған, оның ішінде жоғары технологиялық медициналық көмек түріндегі медициналық көмек;

2) пациентті (терді) тасымалдау, медициналық көмек көрсету (медициналық жабдықтардың және (немесе) білікті бейінді маманның (дардың) болмауына байланысты пациенттің (тердің) орналасқан жері бойынша медициналық ұйымда (консультация және (немесе) операция, ағзаларды (ағзаның бөлігін) және (немесе) тіндерді (тіннің бөлігін) алу үшін білікті бейінді маманды (дарды) жеткізу және кері алып келу, зертханалық зерттеу үшін биологиялық материалдарды, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар бар жүктерді тасымалдау;

3) уәкілетті органның хатына сәйкес облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың медициналық ұйымдарына шетелдік медициналық ұйымдардағы, дербес тыныс алмай, комада жатқан Қазақстан Республикасының азаматтары мен қандастарды; медициналық сүйемелдеуге мұқтаж, жағдайы жер үсті көлігімен және азаматтық авиацияның тұрақты рейстерінің әуе кемелерімен тасымалдауға мүмкіндік бермейтін жазатайым оқиға мен жарақаттардан зардап шеккендерді тасымалдау;

4) тиісті саланың уәкілетті органының тапсырмасы бойынша жедел медициналық көмек қызметі үйлестірушісінің функцияларын, оның ішінде медициналық авиацияны және стационарлық медициналық көмек көрсететін медициналық ұйымдардың қабылдау бөлімшелерін тарта отырып жүзеге асыру;

5) Қазақстан Республикасының аумағында табиғи және техногендік сипаттағы жол-көлік оқиғалары мен төтенше жағдайлардың салдарын жою жөніндегі медициналық-санитариялық және эпидемияға қарсы іс-шараларды жүргізу кезінде ішкі істер және төтенше жағдайлар органдарының бөлімшелерімен өзара іс-қимылды ұйымдастыруды жүзеге асыру;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шетел азаматтарына және азаматтығы жоқ адамдарға шұғыл және кезек күттірмейтін медициналық көмек көрсету;

7) Қазақстан Республикасы өңірлерінің денсаулық сақтау ұйымдарына ұйымдастыру-әдістемелік және практикалық көмек көрсету;

8) Қазақстан Республикасы халқының денсаулығын сақтау бағдарламаларын орындауға қатысу;

9) Денсаулық сақтау саласындағы республикалық, халықаралық ғылыми форумдарды, конференцияларды, съездерді, семинарларды ұйымдастыруға және өткізуге қатысу;

10) оқу-тренинг орталығында жедел және кезек күттірмейтін көмек көрсетудің халықаралық стандарттары бойынша оқыту жүргізу;

11) монографиялар басылымдарын, ғылыми еңбектер жинақтарын, әдістемелік құралдарды, Кәсіпорын қызметінің бейініне ұсынымдарды ғылыми-ақпараттық қамтамасыз ету;

12) қосымша білім беру бағдарламаларын, оның ішінде біліктілікті арттыру және қайта даярлау түрінде іске асыруды жүзеге асыру, сондай-ақ Кәсіпорын қызметінің негізгі бейіні бойынша мастер кластар, семинарлар мен тренингтер өткізу.

3. ҰШМҮО-ның қолданыстағы ұйымдық құрылымы:

Тексеру кезеңінде Ұйымдық құрылым Байқау кеңесінің 2023 жылғы 31 мамырдағы №2023/01-3(о) хаттамасымен бекітілді. *(Талдамалық анықтамаға қол қою кезеңінде Ұйымдық құрылым Байқау кеңесінің 2024 жылғы 17 мамырдағы №2024/01-6(о) хаттамасымен қайта бекітілді).*

ҰШМҮО басқару органы тиісті саланың уәкілетті органы (ҚР Денсаулық сақтау министрлігі) және Байқау кеңесі болып табылады.

Байқау кеңесі кезінде ұйымдық құрылымда 3 штат бірлігінен тұратын ішкі аудит қызметі бар, медициналық көмек көрсетудің қаржылық тиімділігі мен сапасына мониторингті жүзеге асыратын өзіндік қауіпсіздік қызметі байқау кеңесіне есеп береді.

ҰШМҮО–ның ағымдағы қызметіне басшылықты Басқарма төрағасы мен оның төрт орынбасарынан тұратын алқалы атқарушы орган-Басқарма жүзеге асырады.

ҰШМҮО-ның барлық бөлімдері, басқармалары, Ахуал орталығы және медициналық блогы Басқарма төрағасының 4 орынбасары мен Басқарушы директор арасында кураторлық бойынша бөлінген.

Басқарма Төрағасының медициналық бөлім жөніндегі орынбасарына: медициналық блок, ахуал орталығы, ұйымдастыру-әдістемелік қызмет бөлімі және Алматы қаласындағы өкілдік жатады.

Басқарма төрағасының стратегиялық даму жөніндегі орынбасарына: стратегиялық даму және маркетинг бөлімі, 103 үйлестіру бөлімі және құқықпен қамтамасыз ету бөлімі жатады.

Басқарма төрағасының өндіріс және даму жөніндегі орынбасарына: техникалық сүйемелдеу басқармасы, Іс қағаздарын жүргізу және мемлекеттік тіл бөлімі, мемлекеттік сатып алу бөлімі жатады.

Төрағаның экономикалық және әкімшілік-шаруашылық қамтамасыз ету жөніндегі орынбасарына: экономикалық жоспарлау және талдау бөлімі, бухгалтерлік есеп және есеп беру бөлімі, адами ресурстар бөлімі, әкімшілік – шаруашылық басқармасы жатады.

Басқарушы директорға: сапаны бақылау және сараптама басқармасы, оқыту-тренингтік орталық, IT басқармасы, дәрімен қамтамасыз ету бөлімі жатады.

Әрбір құрылымдық бөлімше бойынша ереже мен лауазымдық нұсқаулықтар бекітілді.
Ұйымдық құрылымы бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

4. Медициналық блок:

Медициналық блок ҚР ДСМ «Ұлттық шұғыл медицинаны үйлестіру орталығы» ШЖҚ РМК құрылымдық бөлімшесі болып табылады. Медициналық блок өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің нормативтік-құқықтық актілерін, ҰШМҰО Жарғысын, ҰШМҰО Басқарма төрағасының өкімдері мен бұйрықтарын басшылыққа алады. Медициналық персонал қызметінің негізгі бағыттары, міндеттері мен құқықтары тиісті лауазымдық нұсқаулықтармен айқындалады, олар Ереженің негізінде әзірленеді және оны ҰШМҰО Басқарма Төрағасы бекітеді.

Медициналық блоктың негізгі міндеттері: Қазақстан Республикасының аумағында медициналық авиация нысанында шұғыл медициналық көмектің қызметін ұйымдастыру және үйлестіру болып табылады. Әуе кемесін пайдалана отырып, Қазақстан Республикасының халқына жедел медициналық көмекті, мамандандырылған, оның ішінде жоғары технологиялық медициналық көмекті дамыту және жетілдіру көрсету.

Ұшуды ұйымдастыру процесін реттейтін әзірленген нормативтік құжаттарды талдау жауапкершіліктің төмендеуіне, сәйкессіздіктердің, бұзушылықтардың туындауына әкелетін, сыбайлас жемқорлық көріністеріне мүмкіндік туғызатын бірқатар кемшіліктерді анықтады. Сонымен қатар, талдау сыбайлас жемқорлық факторларының болуын көрсетеді, мысалы: сөздерді дұрыс қолданбау, анықтамалық нормаларды дұрыс қолданбау, өкілеттіктердің қайталануы, артық талаптарды белгілеу, бақылау нысандары мен түрлерінің болмауы.

Мәселен, «Жедел медициналық жәрдем, оның ішінде медициналық авиацияны тарта отырып көрсету қағидаларын бекіту туралы» ҚР ДСМ 2020 жылғы 30 қарашадағы № ҚР ДСМ-225/2020 бұйрықтың 64-тармағына сәйкес (бұдан әрі – № 225 бұйрық), мамандандырылған немесе арнайы дайындалған әуе кемелерін пайдалану арқылы медициналық авиация нысанында медициналық көмекті көрсету негіздерінің бірі медициналық көмек көрсету (медициналық жабдықтардың және (немесе) білікті бейінді маманның болмауына байланысты пациенттің орналасқан жері бойынша медициналық ұйымда (консультация және (немесе) операция, ағзаларды (ағзаның бөлігін) және (немесе) тіндерді (тіннің бөлігін) алу үшін білікті бейінді маманды жеткізу және кері алып келу. Осыған байланысты ҰШМҰО Басқарма Төрағасының 2022 жылғы 28 наурыздағы №56 бұйрығымен «Білікті бейінді мамандарды тарту қағидалары» бекітілді, онда білікті бейінді

мамандарды тарту тәртібі, жауапкершілік сипатталған. Осы құжатты талдау келесі сыбайлас жемқорлық тәуекелін көрсетеді:

	Сыбайлас жемқорлық тәуекелі	Тәуекелдің сипаттамасы	Тәуекелдерді жою бойынша ұсыныстар
Маңызды	Құжатты формалды әзірлеу, процестің алгоритмін нақты көрсетудің болмауы, нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуде білімнің жеткіліксіздігі, бұл жауапкершіліктің төмендеуіне және сәйкессіздіктер мен бұзушылықтардың туындауына әкеп соғады	Құжатта ҰШМҰО Медициналық блогы аға дәрігерінің жедел өтінімнің негізділігі үшін жауапкершілігі көрсетілмеген. Әуе кемесін пайдалану үшін негіздеме бөлігінде № 225 бұйрықтың негізгі құжатынан тармақтардың қайталануы орын алады. Құжат толық әзірленбеген. Консультанттарды тарту процесінің, медициналық құжаттаманы толтырудың еркін, үстірт сипаттамасы. Тұжырымдамалық аппаратта кемшіліктерге жол беріледі (мысалы, сыртқы бекіту аппараты - СБА, көрсетілген, мәтін бойынша бұл термин пайдаланылмайды)	Қолданыстағы қағидаларды өзектендіру, қайталанатын тармақтарды алып тастау, диспетчерлік қызметтің аға дәрігерінің жедел өтінімнің негізділігі үшін жауапкершілігін көрсету. Консультанттарды тарта отырып, жедел өтінімді пысықтаудың барлық процесін, консультанттарды тарту бойынша медициналық ұйымдармен өзара іс-қимыл тетігін кезең-кезеңімен сипаттау.

Сондай-ақ, «Жедел медициналық жәрдем, оның ішінде медициналық авиацияны тарта отырып көрсету қағидаларын бекіту туралы» ҚР ДСМ 2020 жылғы 30 қарашадағы № ҚР ДСМ-225/2020 бұйрықтың 64-тармағына сәйкес (бұдан әрі – № 225 бұйрық), мамандырылған немесе арнайы дайындалған әуе кемелерін пайдалану арқылы медициналық авиация нысанында медициналық көмекті көрсету негіздерінің бірі уәкілетті органның хатына сәйкес

облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың медициналық ұйымдарына шетелдік медициналық ұйымдардағы, дербес тыныс алмай, комада жатқан Қазақстан Республикасының азаматтары мен қандастарды тасымалдау. Осыған байланысты ҰШМҰО Басқарма Төрағасының 2023 жылғы 29 желтоқсандағы №148 бұйрығымен «Пациенттерді (Қазақстан Республикасының азаматтары мен қандастарды) шет елдерден тасымалдауды ұйымдастыру қағидалары» бекітілді, онда тасымалдауды ұйымдастыру тәртібі, ұйымдастырудың әрбір кезеңіндегі жауапкершілік, сұрау салуды қарау үшін көрсеткіштер, тасымалдауға арналған өлшемшарттар, іс-қимылдардың болжамды алгоритмі, комиссиялардың қатысуы, қажетті құжаттарды ұсыну сипатталған. Осы құжатты талдау келесі сыбайлас жемқорлық тәуекелін көрсетеді:

	Сыбайлас жемқорлық тәуекелі	Тәуекелдің сипаттамасы	Тәуекелдерді жою бойынша ұсыныстар
Маңызды	Құжатты толық әзірлемеу, нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуде білімнің жеткіліксіздігі жауапкершіліктің төмендеуіне және сәйкессіздіктер мен бұзушылықтардың туындауына әкеп соғады	Құжатта көрсетілген құру мақсаты осы құжат мазмұнының мәнін ашпайды. Шетелдік мекемелер мен жіберуші медициналық ұйымның қаржылық берешегінің жоқтығы үшін жауапкершілік туралы жауапкершілігіне қате нұсқау бар. Құжат толық әзірленбеген.	ҚР ДСМ МКҰД-дан өтініш келіп түскеннен бастап және ҚР медициналық ұйымына емдеуге жатқызылғаннан кейін пациенттің жай-күйін мониторинг нәтижесімен аяқталатын бүкіл процесті кезең-кезеңімен сипаттайтын құжатты өзектендіру

№ 225 бұйрықтың «Медициналық авиация нысанында медициналық көмек көрсету тәртібі» 4-тарауында медициналық авиация нысанында шұғыл медициналық көмекті ұйымдастыру процесі сипатталған: мамандандырылған немесе арнайы дайындалған әуе кемесін пайдалану үшін негіздер, облыстық жедел медициналық жәрдем станцияларының жанындағы медициналық авиация бөлімшесінің, ҰШМҰО диспетчерлік қызметінің функциялары,

медициналық көмек түрлері. Бұдан басқа, ҰШМҰО-ның ЖМК ұйымдары мен медициналық авиация бөлімшелерінің қызметін мониторингілеу және үйлестіру, ЖМК станциялары мен республикалық және облыстық деңгейдегі денсаулық сақтау ұйымдары арасындағы өзара іс-қимыл, жол-көлік салдарын жою жөніндегі медициналық-санитариялық және эпидемияға қарсы іс-шараларды жүргізу кезінде ішкі істер органдары мен Апаттар медицинасы орталығының бөлімшелерімен өзара іс-қимылды ұйымдастыру сияқты үйлестіруші ұйым ретіндегі функциялары сипатталған табиғи және техногендік сипаттағы оқиғалар мен төтенше жағдайлар, Электрондық-цифрлық картада барлық санитарлық автокөліктер мен санитарлық авиакөліктердің қозғалысының GPS-мониторингі, оқыту-тренингтік орталығында жедел және кезек күттірмейтін көмек көрсетудің халықаралық стандарттары бойынша оқыту.

ҰШМҰО Басқарма Төрағасының 2023 жылғы 28 қыркүйектегі №107 бұйрығымен «Өтініштерге ден қою және көлік қызметтерін көрсету жөніндегі кешенді басшылық» бекітілді, онда жауапкершілік, медициналық көмек көрсету деңгейлері, медициналық авиация қызметтерін қолдану негіздері, төтенше жағдайлар кезіндегі медициналық авиация қызметінің жұмысы, өтінімдерді алу кезінде кейбір жағдайларда ден қою қағидалары көрсетілген. Осы құжатты талдау келесі сыбайлас жемқорлық тәуекелін көрсетеді:

	Сыбайлас жемқорлық тәуекелі	Тәуекелдің сипаттамасы	Тәуекелдерді жою бойынша ұсыныстар
Маңызды	Құжатты формалды әзірлеу, оның мазмұны басқа нормативтік құжаттардың тармақтарын қайталайды, қағаз жасау элементтерін туғызады, бөлімдерде нақтылаудың болмауы, қадамдық іс-қимыл	Бұл құжатта нақты мақсат жоқ, жалпылама сипатта, көптеген тармақтар басқа нормативтік құжаттарда, лауазымдық нұсқаулықтарда, ережелерде, № 225 бұйрықта көрсетілген, қайталанатын тармақтар бар, бөлімдерді нақтылау жоқ, құжатты құрудың мақсаты анық емес. Құжат кешенді нұсқаулықтың мәнін ашпайды. Төтенше жағдайлар, оқиғалар кезіндегі	Осы құжатты ескертулерді ескере отырып өзектендіру, ТЖ кезіндегі іс-қимылдарды сипаттау мәселелері бойынша ахуал орталығымен келісу.

	алгоритмнің болмауына әкеп соғады, жауапкершіліктің төмендеуіне және сәйкессіздіктер мен бұзушылықтардың туындауына әкеп соғады	әрекеттер қысқаша үстірт көрсетілген. Қажеті жоқ «Медициналық блоктың жұмыс жоспары» бөлімі қамтылған.	
--	---	--	--

Медициналық авиация арқылы медициналық көмекті ұйымдастыру процесіне қойылатын негізгі талаптар № 225 бұйрықпен регламенттелген. Жедел өтінімді қарау процесіне, негізділігін бағалауды айқындауға, медициналық көмектің көлемін бағалауға, өтінімнің мақсатын анықтауға (тасымалдау, операция, консультация), медициналық құжаттаманы қалыптастыруға қойылатын талаптарға белгілі талаптар бар.

Осыған байланысты ҰШМҰО Басқарма Төрағасының 2023 жылғы 28 қыркүйектегі №107 бұйрығымен:

- Өтінімдерге және триажға басымдық беру қағидалары;
- Қызмет көрсетуге өтінімдер туралы ақпаратты қабылдау және құжаттау жөніндегі қағидалар;
- Медициналық және есептік құжаттаманы жүргізу қағидалары бекітілген.

Өтінімдерге және триажға басымдық беру қағидалары мынадай сыбайлас жемқорлық тәуекелін көрсетеді:

	Сыбайлас жемқорлық тәуекелі	Тәуекелдің сипаттамасы	Тәуекелдерді жою бойынша ұсыныстар
Маңызды	Құжатты формалды әзірлеу, процестің алгоритмін нақты көрсетудің болмауы, нормативтік құқықтық актілерді	«Міндеттер» мен «Мақсаттар» сөздерінің мағыналарын толық түсінбеу. Мақсат – «Неге қолжеткізу керек?» деген сұраққа жауап береді. ал міндет – «Бұған қандай әрекеттермен қолжеткізуге	Ұсыныстың екі нұсқасы: Бірінші редакциясы: Құжатты әзірлеудің мақсаты мен міндетін көрсете отырып, құжатты өзектендіру.

	әзірлеуде білімнің жеткіліксіздігі жауапкершіліктің төмендеуіне және сәйкессіздіктер мен бұзушылықтардың туындауына әкеп соғады	болады?» деген сұраққа жауап береді. Қолданыстағы Қағидаларда бұл ұғымдар дұрыс пайдаланылмаған. Ден қою деңгейі, медициналық көмек көрсетудің басым деңгейлері, ден қою пункті ұғымы берілмейді. «Триаж» деген екі ұғым бар. Қағидалар мен Рәсімдердің сипаттамасын нақты ажырату жоқ. № 225 бұйрық негізгі құжатынан тармақтардың қайталануы орын алады. Құжаттың мазмұны құжаттың тақырыбын ашпайды.	Екінші редакция: Құқықтық нормалар функциялары мазмұнының бірлігі негізінде бірқатар нормативтік актілерді әртүрлі құқықтық нормалардың немесе олардың элементтерінің біртұтас тұтастығына интеграциялау. Мынадай актілерді біріктіре отырып, бірыңғай нормативтік құжатты әзірлеу: -өтінімдерге және триажға басымдық беру қағидалары; - медициналық және есептік құжаттаманы жүргізу қағидалары; - қызмет көрсетуге өтінімдер туралы ақпаратты қабылдау және құжаттау жөніндегі қағидалар.
--	--	--	---

5. Мемлекеттік сатып алулар бөлімі:

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау келесі бағыттар бойынша жүргізілді:

- 1) Мемлекеттік сатып алулар бөлімінің қызметіне қатысты ішкі нормативтік құжаттарда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.
- 2) Мемлекеттік сатып алулар бөлімінің ұйымдастыру-басқару қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Мемлекеттік сатып алулар бөлімінің қызметіне қатысты ішкі нормативтік құжаттарда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

ҰШМҰО Мемлекеттік сатып алулар бөлімі (бұдан әрі - МСБ) ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру мен өткізуді қамтамасыз ету жөніндегі қызметті

жүзеге асыратын және 2023 жылғы 01 ақпандағы ҰШМҰО Басқарма төрағасы бекіткен Мемлекеттік сатып алу бөлімі туралы Ережеге сәйкес басқа да функцияларды орындайтын ҰШМҰО құрылымдық бөлімшесі болып табылады.

Басқарма Төрағасының 2023 жылғы 25 желтоқсандағы № 144 бұйрығымен ҚР ДСМ «Ұлттық шұғыл медицинаны үйлестіру орталығы» ШЖҚ РМК – да тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің мемлекеттік тапсырмасын орындау шеңберінде мемлекеттік сатып алу мен сатып алуды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі Нұсқаулық (бұдан әрі-Нұсқаулық) бекітілді.

Нұсқаулық бір көзден ашық конкурс тәсілімен жүзеге асырылатын тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды, баға ұсыныстарын сұратуды, сондай-ақ мемлекеттік тапсырманы орындау шеңберінде жүзеге асырылатын тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу рәсімдерін реттейді.

Нұсқаулықтың 14-тармағына сәйкес, мемлекеттік сатып алуды жүргізу тәсілдеріне қарамастан, сатып алудың бастамашысы құрылымдық бөлімше мынадай дәйекті іс-шараларды жүзеге асырады:

1) сатып алу нысанасын, санын (көлемін), Жылдық сатып алу жоспарына сәйкес бірлігіне жоспарланатын бағаны және жалпы сомасын міндетті түрде көрсете отырып, ҰШМҰО Басқарма Төрағасының не оны алмастыратын тұлғаның атына мемлекеттік сатып алуға бастамашы құрылымдық бөлімше басшысы қол қойған экономикалық жоспарлау және талдау бөлімімен және жетекшілік ететін Басқарма Төрағасының орынбасарымен келісілген қызметтік жазба арқылы мемлекеттік сатып алуға бастамашылық жасайды .

Бұған дейін Стратегиялық даму және маркетинг бөлімі сатып алуға бастамашысы-құрылымдық бөлімшелер ұсынған коммерциялық ұсыныстарды, жеткізушілердің прайс-парақтарын сатып алынатын тауарларға, жұмыстарға, қызметтерге қолжетімді интернет-көздер арқылы олардың нарықтық бағаларына сәйкестігі тұрғысынан тексерді не баға нарығына мониторинг жүргізеді және баламалы баға ұсыныстарын ұсынады. Жұмыс тобын талқылау нәтижесінде және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту мақсатында Басқарма төрағасының 2024 жылғы 30 сәуірдегі №50 бұйрығымен бұл функция МСБ-ға берілді.

2) Нұсқаулықтың №1 қосымшасына сәйкес сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің техникалық сипаттамасын ұсынады.

6. Экономикалық жоспарлау және талдау бөлімі:

Бөлімнің қызметі Бөлім туралы ережемен жүзеге асырылады. Бөлім өз қызметінде ҚР заңнамалық және

нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алады.

ҚР ДСМ бұйрығымен бекітілген даму Жоспарын, сондай-ақ оның орындалуы жөніндегі есепті әзірлеу.

Тәуекелдер:

Заңнама нормаларының мерзімді өзгерістері мен жаңартуларына байланысты *соңғы 2 жылда* біліктілікті арттырудың болмауы жоспарлау және талдау мәселелерінің тәуекелдерін болжайды.

Бизнес – процестер:

Бюджеттік процесс шеңберінде шығыстарды оңтайлы жоспарлау мақсатында ЭЖТБ құрылымдық бөлімшелерден құжаттарды (баға, коммерциялық ұсыныстар) растайтын есеп айырысуларды сұратады.

Жоғарыда көрсетілген құжаттардың негізінде уәкілетті орган баяндаған мақсаттар мен міндеттерге сәйкес даму жоспарының жобасы әзірленеді.

Даму жоспарын нақтылау жарты жылда бір реттен артық жүргізілмейді.

Даму жоспарының орындалуы жөніндегі есеп бекітілген аудиттелген жылдық қаржылық есептілік негізінде қалыптастырылады.

ЭЖТБ қызметкерлері лауазымдық нұсқаулықтарды басшылыққа алады, біліктілік талаптарына сәйкес келеді. Мамандығы бойынша біліктілікті арттырудың жоқтығын атап өткен жөн.

Заңнама нормаларының мерзімді өзгерістері мен жаңартуларын ескере отырып, мыналар ұсынылады:

- ЭЖТБ қызметкерлерінің біліктілігін арттыруды міндетті түрде жүргізу.

7. Персоналды басқару

Бұрын айтылғандай, адами ресурстар бөлімінің жұмыс процесі, атап айтқанда, бос орындарға үміткерлерді жалдау, қызметкерлердің мансап сатысы бойынша қозғалысы, ҰШМҮО-да лауазымға (лауазымнан) тағайындау және жұмыстан босату ашық немесе объективті емес.

Процесс компания басшылығы мен персоналының жұмысын оңтайландыруға арналған Documentolog платформасына кіріктірілген конфигурация процессі 2019 жылдан бері жұмыс істейді. Кадрлық электрондық құжат айналымы оларды автоматтандыру үшін қажетті құжаттардың түрлерінен тұратын процестер түрінде ұсынылады.

Кадрлық құжат айналымы бөлімінде қызметкерлерді жұмысқа қабылдау, жұмыстан шығару, демалыс беру, іссапар процесі, басқа бөлімшеге ауыстыру, сондай-ақ қызметкерлерге сауалнама жүргізу сияқты процестерді автоматтандыру жүзеге асырылады.

Бұл бөлімді Documentolog платформасында енгізу Адами ресурстар бөлімінің процестерін толығымен

автоматтандыруға мүмкіндік береді, өтініштерді келісу үшін физикалық қол жинау қажеттілігін жояды, құжаттарды келісу процесін жеделдетеді, тиісінше жұмысшылардың тиімділік коэффициентін арттырады. Сондай-ақ, бұл адами ресурстар бөлімінің барлық бұйрықтарының, өтініштерінің, қызметтік жазбаларының бірыңғай базасын жүргізуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, Кадрлық құжат айналымы бөлімі ІС бухгалтерлік бағдарламасымен біріктірілген, бұл өз кезегінде қызметкерлердің жалақысын есептеу процесін жеңілдетеді, өйткені демалыс, іссапарлар, сырқатнамалар және т.б. туралы барлық ақпарат жүйеде автоматты түрде белгіленеді.

Сондай-ақ, Кадрлық құжат айналымын енгізу бұйрықтардың, өтініштердің, қызметтік жазбалардың және т.б. стандартталған нысандарын пайдалануға мүмкіндік береді, бұл өз кезегінде бекітілген Стандарттарға сәйкес құжаттардың бірыңғай базасын жасайды. Аталған сәттер ҰШМҰО қызметкерлерін тағайындауға және олардың қозғалысына байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін де жояды.

Тәуекел деңгейі	Сыбайлас жемқорлық тәуекелі	Тәуекелдің сипаттамасы	Тәуекелдерді жою бойынша ұсыныстар
Маңызды	Қызметкерлерді тағайындау және ауыстыру үшін материалдық пайда алу.	ҰШМҰО қызметкерлерін тағайындау және ауыстыру кезінде ашықтықтың болмауы, қызметкерлердің лауазымдық міндеттеріне олардың қалауы бойынша өзгерістер енгізу.	АРБ өткізетін барлық процестерді, бұйрықтарды, қызметкерлердің функционалдық міндеттерін, қызметкерлердің біліктілік талаптарын электрондық құжат айналымына көшіру.

Екі жыл ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау барысында 23 ескерту, 2022 жылы 14 ескерту және 2023 жылы 9 ескерту анықталды. Бекітілген жою жөніндегі жоспарға сәйкес анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдері біреуінен басқасының барлығы жойылды.

Басқарма Төрағасы 2022 жылғы 6 мамырда бекіткен жұмыс тобы анықтаған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою жөніндегі іс - шаралар жоспарының 4-тармағы - "АРБ жүргізетін барлық процестерді, бұйрықтарды, қызметкерлердің функционалдық міндеттерін, қызметкерлердің біліктілік талаптарын электрондық құжат айналымына көшіру."- орындалған жоқ. Себебі, осы цифрлық шешімді енгізу қосымша қаржыландыруды қажет етеді. Осыған

байланысты АРБ-тің аталған тәуекелдерін жою үшін АТБ-мен бірлесіп, барлық ағымдағы іс-шаралармен 2025 жылға арналған даму жоспарына ұсыныстар дайындау ұсынылады.

Бұдан басқа, 2023 жылы тамыз-қыркүйек айларында Денсаулық сақтау министрі бекіткен жұмыс тобы ҚР ДСМ ведомстволық бағынысты ұйымдарында, оның ішінде ҰШМҰО-да сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізді. *(Жұмыс тобының құрамына ҰШМҰО Өзіндік қауіпсіздік қызметінің қызметкері де тартылды).* ҰШМҰО-да мемлекеттік сатып алулар саласында, атап айтқанда медициналық авиация желісі бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне тексеру жүргізілді.

Жүргізілген тексеру нәтижелері бойынша Денсаулық сақтау министрі 2023 жылғы 10 қазандағы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекітті.

Жоспарда ҰШМҰО-ға келесі іс-шаралар бекітілді:

- Басқарма Төрағасының 2021 жылғы 6 қазандағы № 139 бұйрығымен бекітілген тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің мемлекеттік тапсырмасын орындау шеңберінде мемлекеттік сатып алу мен сатып алуды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі Нұсқаулыққа өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

- медициналық авиация желісі бойынша авиациялық қызметтерді сатып алу шартының жобасына (халықаралық ұшу) әуе кемесіне қойылатын талаптарды, медициналық персоналға, медициналық жабдыққа қойылатын біліктілік талаптарын көрсететін техникалық ерекшелік енгізілсін;

- Басқарма Төрағасының 2022 жылғы 20 маусымдағы № 95 бұйрығымен бекітілген пациенттерді (ҚР азаматтары мен қандастарды) шет елдерден тасымалдауды ұйымдастыру қағидаларына толықтырулар енгізілсін;

- Шетелде емделуге ғана емес, сондай-ақ жағдайы нашарлаған жағдайда-тұрғылықты елге әкету шығындары енгізілген елден шыққан кезде азаматтарды ықтимал сақтандыру мәселесін пысықтау;

- әуе қызметтерін жеткізушілер тізіміне мониторинг жүргізу және өзектендіру;

- 2022 және 2023 жылдары жасалған шарттар бойынша тексеру жүргізу, онда шетелдік рейстерді тек бір ғана қызмет көрсетушілер жүзеге асырды;

- «Шетелдерге турбореактивті ұшақтар» қызметтерін тарифтеу мәселесін қарастыру.

Аталған ұсыныстарды зерделеу және іс-шараларды орындау үшін ҰШМҰО-да жұмыс тобы құрылды. Жұмыс тобының жұмыс нәтижелері бойынша ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің атына талдамалық анықтамалар мен қызметтік жазбалар ұсынылды. Бұдан басқа, авиациялық медициналық қызметтерді сатып алу жөніндегі қызметті реттейтін ҰШМҰО ішкі нормативтік құжаттары қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес келтірілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері emcrk.kz интернет - ресурсында орналастырылсын.

2023 жылғы 2 жартыжылдықта және 2024 жылғы 1 тоқсанда ҚР ДСМ "ҰШМҰО" ШЖҚ РМК қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу қорытындылары бойынша жұмыс тобы анықтаған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу қажет.

Комиссия мүшелерінің қолдары:

- 1) А.И. Сапаров _____
- 2) М.А. Уйсинбаев _____
- 3) С.Т. Мусина _____
- 4) Н.Е. Ключева _____
- 5) Г.Х. Нурутдинова _____
- 6) А.Б. Шалданбаева _____
- 7) Д.С. Рахметов _____
- 8) Н.Х. Суюндиков _____

Аналитикалық анықтамамен таныстым:

Басқарма төрағасы

Т.М. Мұратов

